



ӘОЖ 378.016:811

ҒТАХР 14.35.07

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.101(1).10

<sup>1</sup> Байтiмбетова П.А., <sup>2</sup> Рахметова Р.С., <sup>3</sup> Жампейiсова Ж.М., <sup>3</sup> Нысанова Л.А.

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

<sup>3</sup> № 142 жалпы білім беретін мектеп, Алматы, Қазақстан

E-mail: perizat737@mail.ru, raigul.67@mail.ru, zhanna.muratbekovna@mail.ru, es-gan@mail.ru

### ЖАЗЫЛЫМҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ЗЕРТТЕУШІЛІК ОҚЫТУ: ФИЛОЛОГИЯ СТУДЕНТТЕРІ ТӘЖІРИБЕСІ

**Андатпа.** Жүйелі түрде ғылыми жұмыс жазу дағдысы теориялық біліммен қатар, тәжірибелік білімді аuadaй қажет етеді. Академиялық жазу қазақ тілінің дербес саласына айналды. Бұл мақалада біз эмпирикалық зерттеулер жүргізу арқылы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйенеміз. Нәтижесінде осы саланың дамуы мен қалыптасуының тарихын ашамыз. Мақаланың мақсаты - филолог студенттердің жазылым арқылы ғылыми танымын дамыту болып саналады. Мақаланың теориялық маңыздылығы жазудың даму негіздері мен теориясының қалыптасуына, сондай-ақ қазақ ғылымындағы академиялық жазудың қалыптасу тарихына, зерттеуіне мұрындық болады. Сонымен қатар, жазылымды қалыптастырудың алғышарттарын көрсету мақсатында тіл терминологиясы зерттеледі. Мақаланың тәжірибелік маңызы орасан зор. Сәйкесінше, мақалада зерттелген зерттеу нәтижелері университеттердегі үш деңгейлі білім беру жүйесінде (бакалавр, магистр және докторантура), студенттерге жаңа интеграцияланған ортада жазбаша қарым-қатынасқа түсуді үйретуде пайдалануға болады.

**Кілт сөздер:** жазылым, филология студенттері, ғылыми стиль, ресми құжаттар стилі, жартылай ғылыми стиль, іскерлік қарым-қатынас стилі.

#### *Kipicne*

Филология мамандығын тәмамдаған студенттер ең алдымен жазу дағдысын жоғары деңгейде дамытуы қажет. Қазақтың белгілі ғалымы Қ.Жұбанов “Тіл тағылымы” атты құнды еңбегінде былай дейді: “Жазба сөз - ойдың тәртіпке түскен сараланған түрі. Жазу арқылы адам өз ойын бақылауға, түзетуге, нақтылауға үйретеді” [1]. Демек, жазу дағдысы студенттердің парасат-пайымын кеңейтіп, таным көкжиегін ұлғайтады. Ойлау жүйесін тереңінен дамытып, ой қорытып, тұжырым жасауға негіз болады. Қазіргі таңда жазылым мәселесі еліміздегі лингвистикамен айналысатын зерттеушілер арасында өзекті де негізгі тақырыптардың бірі болып саналады. Соңғы жылдары елімізде жазылым мәселесі бойынша біршама маңызды зерттеулер жүргізілген. Ал жоғары оқу орындарында ол жеке пән ретінде оқытылғанына қарамастан, оның теориясы мен тәжірибесі толық зерттеле қоймады. Академиялық жазу қазақ ғылыми жазба тілінің бір түріне жатады. Сол себепті отандық және шетел ғалымдарының лингвистика саласындағы зерттеулерін салыстырмалы түрде зерттеп, оның негізін анықтауды жөн көрдік. Тіл әр халықтың жүрегі, жаны. Тіл арқылы сол халықтың ғасырлар бойы жинаған бай мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, болашақ ғасырларға қызмет етеді. Ұлттық код, ұлттық рух ана тілдің әр сөзімен беріледі. Қазақ тіл білімі бойынша зерттеулер ғасырлар бойы жүргізіліп келеді. Әмбеге аян, тіл ғылым мен техниканың қарыштап дамуына ықпал етіп, елдегі әлеуметтік және саяси жағдайларға байланысты жөппелдемеде өзгеріп, тіпті жаңарып отырады. Тіл мәселесінде сүбелі зерттеу жүргізген халқымыздың ең көрнекті ғалымдарының бірі - А.Байтұрынов екенін тарихтан айқын білеміз. Ұлт арысының ағартушылық қызметінде тіл мәселесі ерекше орын алды. А.Байтұрыновтың «Тіл-құрал» атты еңбегі қазақ тіл білімінің қалыптасуында ерекше рөл атқарды. Байтұрыновтан бұрын да қазақ тілі бойынша зерттеулер жүргізілген. Бірақ олардың барлығы орыс тілінде жазылған. Сонымен қатар, сол кезде қазақ тілінің терминологиялық жүйесі дамымаған, сондықтан орыс тілінде жазылған бұл зерттеулерді қазақ тіл білімінің қалыптасуының бастапқы арнасы деп санай алмаймыз. Белгілі ғалым Ф.Оразбаева мынадай соны пікірін алға тартады: «Кез келген тіл, оның ішінде қазақ тілі де, адамдардың бір-бірін түсінуіне, пікір алмасуына және бір-бірімен байланысуына жол ашып қана қоймай, сонымен қатар ішкі және сыртқы әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайларға әсер етуде де адамдар арасындағы қарым-қатынастың өте маңызды құралына айналды» [1].

Қазақ ғылыми тілінің қалыптасуына үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірі Қ. Жұбанов болды. Себебі, ол А. Байтұрынов 1925-1935 жылдары ғылыми тұрғыдан әзірлеген қазақ терминологиясының



негізгі қағидаларын анықтады. Ол 1935 жылы Мемлекеттік терминология комиссиясының құрылуына бірден әсер еткен тұлға болды. Нәтижесінде, қазақ тіл білімі тарихында соны жаңалықтар ашылып, тың дүниелер орнады. Яғни, тілдік фактілерді ресми түрде құжаттау үшін жаңа ұғымдар мен терминдер жасалды. Аталмыш ресми құжаттар ана тілінде жүргізіле бастады. Сондай-ақ, ана тілінде шығатын газеттер мен журналдар саны мен жергілікті мектептер саны артып, нәтижесінде көптеген маңызды пәндер ана тілінде оқытылды.

#### *Әдістер мен материалдар*

Тіл ауызша да, жазбаша да қарым-қатынас құралы ретінде қызмет ете алады. Ал жазуға келетін болсақ, ол адамдарға кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, өмірдің барлық саласында кеңінен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін негізгі құрал. Белгілі ғалым К. Аханов адам білімді, негізінен жазбаша тіл арқылы, жазылғанды оқу арқылы алады деп тұжырымдайды [3]. Ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан жазбаша тіл адамзаттың ғылым мен білім саласындағы жетістіктерін жеткізеді.

Ғалымдар жазу түрлерін келесідей ажыратады:

- суреттерге негізделген пиктографиялық жазу,
- идеографиялық немесе логографиялық жазу,
- буындық жазу,
- хат жазу [4].

Ф.Оразбаеваның айтуынша, жазбаша тілдік бірліктер графикалық, фонематикалық жүйеге негізделген. Бұл жергілікті тілдің тілдік, психологиялық, физиологиялық және әдіснамалық ерекшеліктеріне қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын қамтитын және адамдардың ұзақ мерзімді қарым-қатынасын қамтамасыз ететін күрделі тарихи әрекет [1]. Әрбір ғылым саласының өзіндік басталуы, жетілу және даму кезеңдері бар. Қазақ тіл білімінің қай саласы құрылса да, әрқайсысының өзіндік даму кезеңдері [4] және өзіндік стильдері болды. Бүгінде біз академиялық дискурсты еліміздегі жаңа дамып келе жатқан ғылым саласы ретінде қарастырамыз. Себебі, көрнекті ғалым Р. Сыздықова 1993 жылы жазған еңбегінде қазақ әдеби тілінің қалыптасуы ұзақ уақытқа созылып, әр кезеңде әртүрлі мәселелерге тап болғанын айтқан. Мысалы, оның нақты анықтамасы болмаған, себебі оның ерекшеліктері, қолданылу саласы сол кезде толық зерттелмеген. Р. Сыздықова қазақ әдеби тілін екі кезеңге бөледі: тілдің ұлттық формасы және қазақ халқының ұлт болып қалыптасқанға дейінгі тілі. Сондай-ақ, кәнігі ғалым қазақ әдеби тілі XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты деген айқын қорытындыға келеді. Сонымен қатар, автор тілдің әдеби тілге айналуы үшін белгілі бір шарттарға сай болуы керек, атап айтқанда, ол өңделіп, сұрыпталып, стандартталуы керек, қоғам мүшелерін байланыстыру қасиетіне ие болуы керек деген тұжырымын алға тартады. Қолдану тәжірибесінде ол әлеуметтік сынға ұшырауы керек, ал оның нормалары қоғам санасына сәйкес қабылдануы керек [5] дейді Р.Сыздықова.

М.Балақаев 1974 жылы лингвистика саласындағы зерттеулерінде стилистиканы тіл білімінің жаңа саласы ретінде анықтады. Шын мәнісінде, қазақ лингвистикасының тарихы ерте замандардан бастау алғанымен, жоғары оқу орындарында жеке пән ретінде оқытылғаны жақында ғана болды. Р. Сыздықова өз кезегінде лингвистиканы тіл құрылымының барлық элементтерін: дыбыстарды, грамматикалық белгілерді, сөздік қорын, фразеологиялық тіркестерді және осы салалардың композициялық-синтаксистік қалыптасу жолдарын қамтитын ойларды білдіру құралдарының жүйесі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, ғалымның пайымдауынша, біздің еліміздегі стилистикалық тармақталу XIX ғасырдың екінші жартысымен тұспа-тұс келді. Яғни, әдеби стиль, публицистикалық стиль, жартылай ғылыми стиль, ресми құжат стилі және эпистолярлық стильдер болып бөлінді [5]. М. Балақаевтың айтуынша, бұл топқа кейінірек кітап жазу стилі, ғылыми стиль, әдеби стиль, публицистикалық стиль, ғылыми-педагогикалық стиль қосылды [6]. Ал енді шетел ғалымдарының тың зерттеулеріне көз жүгіртсек. Жазу дағдылары – тың идеяларды, терең ой мен соны тәжірибелерді жазбаша берудің оңтайлы әдісі. Белгілі тіл маманы Тариган былай деген: «Жазу – өнімді және экспрессивті әрекет. Өнімді тілдік әрекеттер – сөйлеушінің идеяларын, ойларын немесе сезімдерін жазбаша құралдар арқылы жеткізу әрекеттері. Жазу дағдылары басқа дағдыларға қарағанда күрделі, себебі жазу дағдылары әртүрлі тілдік элементтерді және тілден тыс элементтерді меңгеруді талап етеді» [7]. Нәтижесінде, тілден тыс элементтер студенттерге сезімдерді, ойларды жазбаша түрде қалай білдіруге бағыт береді. Семи: «табысқа жеткен авторлардың көпшілігінде автор болуға қойылатын талаптар бар, атап айтқанда:

- 1) қызығушылық,
- 2) талант,
- 3) идеалдар,

4) мұқият оқу» деген соны пікірді алға тартты [5]. Сонымен қатар, тілдік элемент, идеялардың мұқият айтылуы, жүйелі түрде орналасуы және тіл ережелеріне сәйкес сөз таңдауының дәлдігі.



Жоғарыда айтылған көзқарасқа сүйене отырып, жазу дағдылары бастауыш сыныптан бастап мұқият назар аударуды қажет етеді. Бастауыш сыныптағы жазу дағдылары жазу іс-әрекеттерінің немесе жоғары білім беруде жазуды үйренудің негізі болып табылады. Д.Дэвис: «Балалар ерте жастан бастап жазу дағдыларын меңгермесе, кейінірек өмірде оқу қиындықтарына тап болады» деп мәлімдейді [7]. Бастауыш сынып оқушыларын жазуды жаттықтыру және мұқият жаттығу әдеті арқылы осы дағдылармен қаруландыру өте маңызды. Оны жоғары білім беруде енгізу оңтайлы болып есептеледі.

Ли Сун: «Жазу дағдылары ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалатын қабілеттер емес, оқыту мен үйрену процесінің және тәжірибедегі табандылықтың нәтижесі» деген пікірін алға тартады. Сондықтан жазуды жетік игеру және тілдік аспектілерді меңгеру үшін әрбір адам оқу процесінде жаттығу мен жаттықтыруда мұқият болуы керек. Тәжірибедегі табандылық арқылы графикалық белгілерді тануға болады [7].

#### *Нәтижелер*

Жазба тілінің қалыптасуы туралы айтатын болсақ, XV-XVI ғасырларда жазудың қажет болғанын көреміз, себебі дипломатиялық, саяси және экономикалық қатынастар Кіші жүз, Орта жүз хандары мен Ресей империясы басшылығы арасында жүргізіле бастады. Сол кезде жазбаша өсиеттер дәстүрі болғаны да белгілі. Орта ғасырларда жазудың болғанын Ә. Марғұланның «Күміс сандықтың құпиясы» атты еңбегінен көруге болады.

Автордың айтуынша, XVI ғасырдың аяғында қазақ сұлтаны Оразмұхамет пен оның немере ағасы Тәуекел хан арасындағы хат алмасулар сол дәуірдегі қазақ даласындағы жазба тілдің дәлелі болып табылады. [6]. Орта ғасырлардағы қазақ жазба тілінің лексикалық құрамында қыпшақ, ежелгі ұйғыр және оғыз тілдерінің элементтері байқалды, ал парсы және араб тілдерінен әкелінген лексикалық бірліктер жиі қолданылды. Қазақ халқы көптеген ғасырлар бойы араб жазуын қолданып, рухани және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандырып, түрік тілді халықтың әдеби мұрасын мойындады, дегенмен XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс графикасын қазақ даласына енгізу идеясы жүзеге асырылды [5].

А.Байтұрсыновтың ағартушылық қызметінде тіл білімі мәселелері ерекше орын алды, оның «Тіл құралы» атты еңбегі қазақ тіл білімінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Жалпы тіл білімі ғылымының дамуына жол ашқан термин жасау мәселелерімен қатар, ол алғаш рет қазақ тіліне сөз таптарын, дыбыстарды, әріптерді, жазу және емле принциптерін енгізді. А.Байтұрсынов ұсынған ешбір терминді ауыстырып, оның тіл саласындағы жаңалықтарын қайта жасау мүмкін емес. Мысалы, фонетика, синтаксис, грамматика және морфология сияқты ұғымдардың әлі күнге дейін өзгеріссіз қолданылып келе жатқаны оның зерттеулерінің дұрыстығының дәлелі. Тілді оқытудың жүйелі әдістері ғалымның «Әліппе», «Тіл құралы», «Оқыту құралы», «Баяндаушы» сияқты барлық еңбектерінде сипатталған. Ғалым қазақ жазуын толығымен өзгертуге мәжбүр болды, себебі сол кездегі араб жазуының көптеген дыбыстық жүйелері қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімделмеген еді. Осыған байланысты «Айқап» және «Қазақ» газеттері араб емлесіне бейімделген жаңа жазу стилін жариялады және ол халық тарапынан тез қабылданды [7].

Егер біз Қазақстандағы академиялық жазу тарихына назар аударсақ, Р.Сыздықованың «Қазақ әдеби лингвистикасының тарихы» атты еңбегіне сәйкес, академиялық жазу өз тамырын жартылай ғылыми әдебиет пен ресми құжаттар стилінен және қазақ жазба әдебиетінің ұлттық кезеңіне дейінгі эпистолярлық (хат алмасу) стильдерінен алатынын байқауға болады. Сол кездегі ғалымдардың жартылай ғылыми стиліне эпистолярлық стильдегі хаттар мен жеке жазбалар, кеңсе құжаттары және діни әдебиет пен жазбаша шежірелерді қоса алғанда, мемлекеттік бұйрықтар кірді.

Р.Сыздықованың зерттеуіне сәйкес, қазақ тіл білімінде стильдік тармақталудың басталуы XIX ғасырдың екінші жартысындағы мерзімді баспасөздің пайда болуымен тұспа-тұс келді. Яғни, ол өткен ғасырда кең таралып, қазіргі заманда қарқынды дамып келеді. Автор XVIII-XIX ғасырлардың бірінші жартысында қазақ хандарының, сұлтандарының, Ресей империясы әкімшілігіне дейінгі көсемдердің хаттары мен құжаттарының тілі болғанын айтады. Сол кездегі ресми жазбалардың лексикалық және фразеологиялық ерекшеліктері ортағасырлық түркі тілінің стилі болды және олардың емлесі, грамматикалық ерекшеліктері сол ғасырдың әлеуметтік, этникалық және экономикалық қағидаларымен байланысын айқындады [5].

Автор сонымен қатар қазақ даласындағы ғылыми стильдің даму тарихы туралы құнды деректер келтіреді. XIX ғасырдың екінші жартысында ғылым саласынан ақпарат беретін, оны ана тілінде насихаттайтын және сипаттайтын жанр болғанын дәлелдейді. Өз тұжырымына дәлел ретінде автор Н.И. Ильминскийдің «Қырғыздар үшін орыс сауаттылығының өзін-өзі оқытушысы» атты кітабын көрсетеді. Тіпті, оның соңғы беттерінде қазақ тілінде жазылған тілдік үлгілер, сондай-ақ жаратылыстану ғылымдарынан, тарихтан, мерзімді басылымдардан және ғылым мен білімнің әртүрлі салаларынан қысқа



мәтіндер түріндегі ғылыми мәтіндер де ұсынылған. Бұл мәтіндерді қарапайым тілмен жеткізу оңай болды, себебі автор сол кездегі жергілікті халықтың білім деңгейі мен сауаттылығын ескерген [5].

Сонымен қатар, автор сол кездегі ғылыми-танымал әдебиеттің мақсаты оның стилі мен тіліне әсер еткенін айтады, себебі ғылыми еңбектерде баяндау және түсіндіру сипаты басым болды. Ал баяндау мен түсіндіру сол кездегі ғылыми әдебиеттің стилистикалық ерекшеліктері болды. Сол кездегі стильдің қалыптасуының дәлелдерін көрсету үшін автор қазақ ғылыми әдебиеті ғылым салалары бойынша сараланбағанын және ғылыми-техникалық терминдер әлі кең қолданысқа енгенін, ал ғылыми терминологияның алғашқы түрлері пайда болғанын және оның білім беру мақсаты тілдік мақсаттан басым болғанын айтады. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласындағы ресми қағаздар стилінің мысалдары ретінде «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Торғай уәлаятының газеті», «Ауыл шаруашылығы парақшасы» сияқты алғашқы баспасөз үлгілерін айтуға болады. Ежелгі академиялық жазудың алғашқы кезеңдерін зерттеумен айналысқан тағы бір қазақ ғалымы Б. Әбілқасымов өзінің «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінде Ильминскийдің «Қырғыздарға орыс сауаттылығының мұғалімі» атты еңбегін ғылымдар ғылыми әдебиеттің алғашқы нұсқасы деп санай алатынын атап өтті. Оны тіл мамандары үшін құнды дереккөз ретінде қарастыруға болады, себебі онда білім беру және тілдік аспектілер де бар. Онда бірнеше орыс сөздері және олардың қазақша баламалары бар, бірақ олардың қазақша аударылған нұсқалары жоқ [5]. Бұл мәтіндер орыс тілінен аударылғанымен, біз бұл сол кездегі қазақ тілінің ғылыми ақпаратты, кейбір ғылыми лексиканы, сөз тіркестерін және терминологияны жеткізу қабілетінің деңгейін көрсетеді деп есептейміз. Автордың айтуынша, қазақ тіл білімінде ғылыми тіл әдебиетінің пайда болуы мен қалыптасуы толық зерттелмеген, сондықтан ғалымдардың ғылыми стильге қатысты көзқарастары да әртүрлі, мысалы, М. Балақаев, М. Томанов, Е. Жанпейісов ғылыми әдебиеттің қалыптасу кезеңін және оның стильдерге бөлінуін Ұлы Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңге жатқызған.

Қазақ даласында ресми стильдің қолданылуының дәлелі ретінде А. Байтұрсыновтың 2013 жылы В.И. Ленинге жазған хатын айтуға болады. Оны Зарқын Тайшыбай қазақ тіліне аударып, «Kasym.kz» сайтында жариялады. Хат ресми стильде жазылған. Хаттың басында А. Байтұрсынов Кеңес үкіметінің басшысына Кеңес үкіметі мүшелерінің жұмысы туралы хабарлады. Қазақ даласында жұмыс істеу тиімсіз болды, келесі бөлімдерде ол мұны мысалдар келтіру арқылы дәлелдеді, ал соңғы бзһһһөлімде мәселенің шешімін ұсынып, оларды сипаттады [7].

Қазақ тіл білімі стильдерге бөлініп жатқан кезеңде терминологиялық мәселелер ең маңызды мәселелердің бірі болды. Қ. Жұбановтың басшылығымен 1930 жылдары Мемлекеттік терминологиялық комиссияның бюллетені жарық көрді, онда қазақ әдеби тілінің терминологиясы қарастырылды. Орфография, алфавит, физика-математикалық терминдер және сол кезеңдегі терминологияның басқа да өзекті мәселелері қарастырылды. Қазақ тіл білімінің алғашқы терминологиялары 1936 жылы дайындалып, көпшілікке ұсынылды, ал үкімет он тармақты терминологиялық қағидаттарды белгіледі. Негізінен, қазақ тілі терминологиясының дамуын үш кезеңге бөлуге болады: 19 ғасырдың екінші жартысы мен 20 ғасырдың басы. Алғаш рет Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы және Шоқан Уәлихановтың дәуірінде терминдер пайда бола бастады. 20 ғасырдың бірінші жартысында жергілікті халыққа қолайлы терминдерді қайта құру жүргізілді және ол А. Байтұрсыновтың, М. Дулатов, Х. Досмұхамедұлының үлкен ықпалымен жүзеге асырылды. Егер 1930-1940 жылдардағы терминдердің басты ерекшелігі халықаралық терминдер мен орыс атауларының бастапқы түрінде қабылдануы болса, 1940-1980 жылдардағы ұлттық сөздік қорымыздың дамуына қосқан үлесі елеусіз болды, себебі терминологиялық сөздік қорымызды орыстандыру және интернационалдандыру саясаты жүзеге асты [5]. Ресми тіл стилін академиялық жазумен де байланыстыруға болады. Б. Қапасовтың айтуынша, ресми қарым-қатынас тілі - белгілі бір мекемеде, кәсіпорында, өндірісте ресми талқылау, келіссөздер жүргізу, құжаттар алмасу, ресми кеңестер мен кездесулер үшін қолданылатын тіл [6]. Қазақ тіліндегі академиялық жазу өзінің негізін ресми қарым-қатынас стилі, құжаттар стилі, жартылай ғылыми стиль және ғылыми стиль негізінде қалады десек қателеспейміз. Олардың ішінде ғылыми стильдің ерекшеліктері академиялық дискурстың барлық талаптарына сай келеді деп айтуға болады, себебі ғылыми стильге ғылыми мақала, ғылыми эссе, жазбаша мәтін, ғылыми есеп, диссертация, монография және басқалар кіреді. Ғылыми стиль жанрларына қатысты шығармалардағы сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер тікелей мағынасында қолданылады және экспрессивтіліктен, эмоционалдылықтан және бейнеліліктен айырылған.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерін қорытындылай келе, қоғамымыздың әртүрлі кезеңдерінде дамыған қазақ тіл білімінің барлық салаларының өзіндік ерекшелігі, стилі бар екеніне және бүгінде жергілікті халықтың ұсынысы бойынша еліміздегі академиялық жазудың дамуына азды-көпті үлес қосқанына куә боламыз. Біздің еліміздегі ғалымдар академиялық жазу стилі мәселелерімен айналыса отырып, алыс және жақын шетелдердегі зерттеушілердің тәжірибелерін ескермей, шетелдік ғалымдардың



тәжірибелік және теориялық тәсілдерін ескереді. Академиялық жазудың шетелде толық дамығаны белгілі. Оның теориясы мен тәжірибесі терең зерттеліп, сол елдерде ғылымның дербес саласына айналды. Қазақ тіл білімінде академиялық жазудың қалыптасуына үлес қосқан жергілікті ғалымдардың бірі - Е.Оспанов, ол академиялық жазу моделін жобалауда ана тілінің ерекшеліктерін ескерді. Сондай-ақ, академиялық дискурс теориясы мен тәжірибесін оқытуда шет елдердің рационалды аспектілерін тандайды.

Автордың айтуынша, академиялық жазу өзінің объективтілігімен, ғылыми стильде жазуымен, жүйелі құрылыммен жазуымен және сілтемелерді пайдалануымен сипатталады. Автор академиялық жазу мен ғылыми стильді байланыстырады және олардың ортақ ерекшелігі дәлдік, объективтілік және логика екенін атап өтеді. Сонымен қатар, автор академиялық жазуды теориялық және практикалық тұрғыдан зерттей отырып, осы саладағы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған кейбір құнды еңбектерді ұсынды [8]. Басқа жергілікті зерттеушілер академиялық эссе, курстық жұмыс, диссертация, диплом жазу әдіснамасын, сондай-ақ жеке ойлар мен идеяларды білдіру және оларды мақсатты аудиторияға жеткізу мүмкіндігін ұсынды [7].

#### Қорытынды

Қорытындылай келе, қазақ тіл білімі өзінің қалыптасу кезеңінде әртүрлі кедергілер мен өзгерістерге тап болғанын айтқымыз келеді. Дегенмен, қандай қиындықтарға тап болса да, қазақ тіл білімі өзінің әлеуметтік мағыналық ерекшеліктерін жоғалтқан жоқ [1, 182-184 б.]. Нәтижесінде, тіл, атап айтқанда, жазба тіл, XV-XVI ғасырлардағы кіші және орта жүз хандары мен сұлтандарының хат алмасуынан пайда болып, ғасырдан ғасырға заман мен қоғам қажеттіліктеріне сәйкес өзгеріп отырды. Ол жаһандану, ғылыми-техникалық, саяси және әлеуметтік жағдайларға байланысты өзіндік стильдерге бөлінді. Ол өзінің ерекшеліктерін сақтай отырып, тіл білімінің әрбір саласы үшін терминология жасай алды және қазіргі кезде тіліміздің барлық мүмкіндіктері толық ұсынылған және кеңінен қолданылады. Академиялық жазуға келетін болсақ, тіл білімінің кез келген саласы оның жеке ғылым саласы ретінде қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай әсер етті. Зерттеу нәтижесінде стилистика мен терминологияның бұл саланың дербес сала ретінде тармақталуына үлкен әсер еткенін айта аламыз, атап айтқанда, ғылыми стиль академиялық жазудың негізі ретінде алынды және оның барлық талаптары мен ережелері, сондай-ақ терминологиясы академиялық дискурста кеңінен қолданылды.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас (Тілдік қатынас). Қарағанды: Медет тобы, 2014.184 б.
- [2] Айтбайұлы Ө. Тіғұмырлары: Қазақ тілі мен тіл жанашырлары (Тіл мамандары: қазақ тіл мамандары және тіл жанашырлары). Алматы: Абзал-Ай баспасы, 2014.400 б
- [3] Аханов Қ.Тіл білімінің негіздері (Тіл білімінің негіздері). Алматы: Жоғары оқу орнының қаумдастығы, 2002. – 664 б.
- [4] Балақаев М, Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі (Қазіргі қазақ тілі). Алматы: Санат, 2009. - 194 б.
- [5] Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар) (Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғғ.)). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б
- [6] Кенжебаева Г., Балтабаева Ж. " Қазақ тілі" пәнінен жазылым дағдысын дамыту жолдары //Научно-педагогический журнал «Білім-Образование» Национальной академии образования имени И. Алтынсарина. – 2023. – Т. 106. – №. 3. – С. 88-9666
- [7] Исабаева Н. Н. ШЕТ ТІЛІНДЕГІ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ //Бас редактор. – С. 8466
- [8] Ибрагимова Г. П. ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН САРАЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ //Endless light in science. – 2024. – №. 31 октябрь 13. – С. 24-27.

#### REFERENCES

- [1] Orazbaeva F.Sh. Tildik qatynas. Qaraghandy: Medet toby, 2014. 184 b.
- [2] Aitbaiuly Ö. Tıgumyrları: Qazaq tili men til janashyrlary. Almaty: Abzal-Ay baspasy, 2014. 400 b.
- [3] Akhanov Q. Til biliminiñ negizderi. Almaty: Jogary oku ornyñ qaumdaytyǵı, 2002. 664 b.
- [4] Balakaev M., Sayrambayev T. Qazirgi qazaq tili. Almaty: Sanat, 2009. 194 b.
- [5] Syzdykova R. Qazaq ädebi tiliniñ tarihı (XV-XIX ǵasyrlar). Almaty: Ana tili, 1993. 320 b.
- [6] Kenzhebaeva G., Baltabaeva Zh. "Qazaq tili" pänenen jazılım daǵdysın damıtw joldary. // Nauchno-pedagogicheskiy zhurnal «Bilim-Obrazovanie» Natsionalnoy akademii obrazovaniya imeni I. Altynsarina. 2023. T. 106. №3. S. 88-96 b.
- [7] Isabaeva N.N. ŞET TILINDEGI JAZILIM DAǒDYLARIN DAMITUDIŇ TIIMDILIGI. // Bas redaktor. S. 84 b.



[8] İbragimova G.P. JAZILIM DAĞDYSIN SARALANĖAN TAPSIRMALAR ARQILI JETILDIRU. // Endless Light in Science. 2024. №31 oktabr 13. S. 24-27.

**P.A. Baitimbetova, R.S. Rakhmetova, Zh.M. Zhampeisova, L.A. Nysanova**  
**WRITING-BASED INQUIRY LEARNING: EXPERIENCE OF PHILOLOGY STUDENTS**

**Annotation.** The skill of systematically writing scientific work, along with theoretical knowledge, requires practical knowledge like air. Academic writing has become an independent branch of the Kazakh language. In this article, we will rely on the works of domestic and foreign scientists by conducting empirical research. As a result, we reveal the history of the development and formation of this industry. The purpose of the article is to develop scientific knowledge of philological students by subscription. The theoretical significance of the article lies in the formation of the foundations and theory of the development of writing, as well as in the history of the formation and study of academic writing in Kazakh science. In addition, language terminology is studied in order to reflect the prerequisites for the formation of a subscription. The practical significance of the article is enormous. Accordingly, the results of the study studied in the article can be used in the three-level education system at universities (Bachelor's, master's and doctorate), in teaching students to engage in written communication in a new integrated environment.

**Keywords:** subscription, philology students, scientific style, official documents style, semi-scientific style, business communication style.

**П.А. Байтимбетова, Р.С. Рахметова, Ж.М. Жампейисова, Л.А. Нысанова**  
**ПИСЬМЕННО-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЕ ОБУЧЕНИЕ: ОПЫТ**  
**СТУДЕНТОВ-ФИЛОЛОГОВ**

**Аннотация.** Навык систематического написания научной работы, наряду с теоретическими знаниями, требует практических знаний как воздуха. Академическое письмо стало самостоятельной отраслью казахского языка. В этой статье мы будем опираться на труды отечественных и зарубежных ученых, проводя эмпирические исследования. В результате мы раскрываем историю развития и становления этой отрасли.

Цель статьи - развить научные знания студентов-филологов по развитию письменной речи. Теоретическая значимость статьи заключается в формировании основ и теории развития письменной речи, а также в истории становления и изучения академического письма в казахской науке. Кроме того, изучается языковая терминология для того, чтобы отразить предпосылки формирования подписки. Практическая значимость статьи огромна. Соответственно, результаты исследования, рассмотренного в статье, могут быть использованы в трехуровневой системе образования в университетах (бакалавриат, магистратура и докторантура), при обучении студентов письменному общению в новой интегрированной среде.

**Ключевые слова:** абонемент, студенты-филологи, научный стиль, стиль официальных документов, полунаучный стиль, стиль делового общения.